



ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы

**Тапсырған:Зият Т
Қабылдаған:Зайтхан Е**

Қазақстан көпэтносты, көпконфессиялы мемлекет. Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері мен 17 діни конфессиялар қызмет етеді. Мемлекетіміздің орналасу аумағы да Еуропа мен Азияның тоғысқан тұсында орналасқандықтан Қазақстанның ішкі қалыптылығы бұл аймақтарға айтарлықтай әсер ететіндігі анық.

Сол себепті де Қазақстанда елдегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бейбітқатар жасасуына барынша жағдай жасалуда. Түрлі ұлт өкілдері Конституцияда белгіленген азаматтық құқықтары мен бостандықтарына ие. Ал діни конфессиялар 2011ж. қайта қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң шеңберінде қызмет атқарады.

Аталмыш Заң мемлекет пен дін арасында айқын, құқықтық тұрғыдан жүйеленген өзара байланыс пен қызметтестіктің жүзеге асуын қадағалайды.

Мысалы, Заңның 3-бабының 6-тармағында: «Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы» деп көрсетілген.

Бұл өз кезегінде елімізде қалыптасқан конфессияаралық келісімді одан әрі нығайту, азаматтардың діни сенім бостандығын қамтамасыз етуге кепілдік болып табылады.



Заңның 4-тарауы «Діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру, тарату» деп аталады. Аталмыш тарауда діни бірлестік құру талаптары, қажетті құжаттары, жарғысы мен мемлекеттік тіркеуден өту ережелері толық берілген.

Дін туралы заң қабылданған соң бір жыл көлемінде елдегі діни бірлестіктерді қайта тіркеу шарасы өтті. Қайта тіркеу діни конфессиялардың мәртебелерін Заң жүзінде бекіте отырып олардың міндеттерін тағы бір анықтау еді. Бұл шара мемлекет пен діни бірлестіктер арасында шынайы қарым-қатынастың жүзеге асуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, дін ұстанушыларды дін атын жамылған деструктивті және радикалды ағымдар мен топтардың ықпалынан қорғау арқылы азаматтардың Конституцияда белгіленген құқықтарын жүзеге асыру болып табылады.

Дін туралы Заңның 6-бабында Діни бірлестіктердің материалдарына дінтану сараптамасын дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, жүргізіледі деп анықталады және жүргізу шарттары көрсетілген:

- 1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;
- 2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;
- 3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;
- 4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;
- 5) уәкілетті орган басшысының бұйрығы.



Сондай-ақ, Үкімет тарапынан бекітілген «Дінтану сараптамаларын жүргізу қағидалары» заңнамалық актісінде дінтану сараптамасын жүргізу мерзімі (30 тәулік), талаптары және т.б. анықталады. Мұндай айқындамалар діни бірлестіктердің ақпараттық материалдарына, жарғыларына мейлінше объективті сараптама жасауға мүмкіндік береді.

Қоғамның діни өміріндегі тағы бір өзекті мәселе миссионерлік қызмет болып табылады. 2011ж. қабылданған жаңа Заңда миссионерлік қызметті өткізу туралы (8-бап) миссионерлер мен діни бірлестіктерге қойылатын талаптар мен шарттар анық жазылған. Мұнда елге келуші миссионерлердің толық құжаттарын талап етілуімен қатар, оның діни ілімді таратуда қолданылатын аудио-видео жазбалары, діни әдебиеттері толық дінтанулық сараптамадан өткізіледі делінген.

Дін туралы заңда көрсетілгендей, Республика территориясында миссионерлік қызмет атқару үшін дін таратушылар уәкілеттік органның аумақтық бөлімшелеріне келесідей құжаттарды ұсынуы қажет:

- 1) паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
- 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;
- 4) миссионер өкілі болып табылатын діни бірлестікті Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және оның жарғысының көшірмесін;
- 5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттар.



Ағымдағы жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, 25 қазан күні заңды күшіне енді.

Діни бірлестік дегеніміз Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі танылады.

Қазақстан Республикасында жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы мүмкін. Діни бірлестіктердің атауында ұстанатын діни мен мәртебесі қамтылуы тиіс.

Республикалық және өңірлік діни бірлестіктерді тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Осы заңның 24-бабының 2-тармағына сәйкес, діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысатын және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалар осы заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.



«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы біздің қоғам үшін маңызды орасан зор. Ол азаматтық қоғамды қалыптастыруды ілгері жылжытуда айтарлықтай ықпал ете алады. Сондықтан қандай да бір зайырлы мемлекет дінге қатысты өзінің ұлттық заңнамасын түпкілікті айқындап алуға міндетті. 1992 жылы тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыттың ішінде осындай заңның қабылдану себебі де сол. Өйткені, ол өз саласында қоғамды түрлі қыспақтардан қорғауға әсер етті. Демек, ол дер кезінде қабылданған құжат болып шықты. Бірақ уақыт өзгермей, алдыға жаңа талаптар қоймай тұра алмайды. Бұл – өмір заңы. Сондықтан осыдан 19 жыл бұрын қабылданған құжатты қайта қарап, толықтыру бұл табиғи нәрсе. Қазір еліміздегі заңнамалық базамыз 350-дің үстіндегі ұлттық заңдардан тұрады. Соның көбін жетілдіріп, қандай да болсын өркениетті мемлекеттің заңнамалық нормаларына жақындатуда. Осылардың ішінде Дін туралы заңды да жетілдіретін кез жеткен. Бірақ ол түрлі себептермен кешеуілдеп қалды. Соны пайдаланған түрлі, дәстүрлі емес діндердің ағымдары, олардың ішінде қоғам дамуына, ұлттық қауіпсіздігімізге, адамдардың денсаулығына кері әсер ететін секталар елімізде көбейіп, көңіл аландатарлық жағдайға жеткен сияқты деп айтуға болады. 1992 жылы мәселен, бізде барлығы 300-ге жуық діни бірлестіктер болса, бүгінгі күні олардың саны 4551 болған. Солардың кейбірі қолданыстағы заңның әлсіз тұсын пайдаланып, елдің ішінде іріткі салуға әрекет ете бастады. Әсіресе, тіркелу мәселесінің барынша солқылдақтығы, сырттан келетін миссионерлерге шектеулердің болмауы, олардың әкеліп, таратып жатқан діни әдебиеттерінің мазмұнына ешкімнің назар аудармауы, міне, осының бәрі діни бағыттағы ахуалдың барынша күрделенуіне жол берді.



«Заң жобасында мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінгені туралы конституциялық норма нақты жазылған. Бір де бір дін мемлекеттік немесе міндетті деп белгіленбейді. Осылайша, мемлекеттің зайырлылығы атап көрсетіліп, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігуіне жол берілмейді», – деді дін істері жөніндегі агенттіктің төрағасы Қайрат Лама Шариф заң жобасын таныстыра отырып. Сонымен қатар заң жобасында елде діни ұйымдарды құру, мемлекеттік тіркеу, қайта құру және таратудың жүйелі тәртібі белгіленгені, жаңа заң жобасында діни қызмет туралы заңды бұзғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны айтылған. Осы заң жобасы талқыға түскеннен кейін құқық қорғаушылар заң жобасының ережелері адам құқықтарының негізгі қағидаларына сай келмейтіндігін айтып, оны сынға алған еді. Тіптен «Фридом Хаус» халықаралық құқық қорғау ұйымы бұл заң жобасы қазақстандықтардың діни бостандығын шектейтіндігін атап көрсетіп, өз алаңдаушылығын білдіріп мәлімдеме жариялаған да болатын. Айта кетерлік тағы бір мәселе Қайрат Лама Шәріп пен Бекболат Тілеуханов арасындағы кикілжің. Оқиға былай басталған болатын. Заң жобасы талқыға түскен күні, жиынның соңы үлкен дау-дамайға ұласқан. Даудың басы заң жобасындағы 7-баптың 3-тармағы төңірегінде өрбіді. Онда діни жоралар мен рәсімдердің мемлекеттік органдарда, оқу орындарында, қорғаныс саласы мекемелерінде өтелуіне жол берілмейтіні жазылған-ды. Бұл тармаққа депутат Бекболат Тілеухан Конституциямыздағы баптардың бірнешеуін белден басқан, конституциялық негізден ада деген баға берді.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы жылдарда жас мемлекет — Қазақстан алдында экономика мен әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақты дамыту секілді күрделі міндеттер тұрды. Сондай-ақ, сол кезеңдегі аса маңызды міндеттердің бірі ұлттық тұтастықты сақтап қалу мен қоғамның рухани-өнегелік тұрғыда дамуына қатысты мәселелер еді. Осы ретте Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына әлемдік тәжірибе контекстінде салыстырмалы талдау жасап көрелік.

Кеңестік биліктің күйреуімен қатар атеизмді насихаттауға негізделген кеңестік идеологияның да іргесі сөгілді. Діни сенім бостандығы аясындағы мемлекеттік саясат дінаралық келісім мен достық қағидаттарына негізделді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың салиқалы саясаты негізінде мемлекетімізде өмір сүретін барша халықтар мен түрлі дін өкілдеріне сол кезеңдегі қиындықтарға қарамастан тең дәрежеде қамқорлық танытылып, Қазақстан мемлекеті олардың ортақ шаңырағына айналды.

Егемендік жарияланғаннан кейінгі бір ай ішінде, яғни 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл құжат діни бірлестіктер заңнама шеңберінен шықпаған жағдайда мемлекет тарапынан олардың ісіне қол сұғылмайтындығына кепілдік берді.

